

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың 2015 жылға мақсатты топтарын анықтау және қосымша тізбесін белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 08 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 ақпанда N 3098 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабы 2 тармағына, 7 бабы 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында тұратын мақсатты топтар анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
- 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына немесе жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады;
- 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
- 14) терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар кіреді.

2. 2015 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында тұратын

мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

2) отбасылардың бірде-біреуі жұмыс істемейтін тұлғалары;

3) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;

4) жалпыға бірдей белгіленген зейнетақы жасына дейін зейнеткерлікке шыққан
з е й н е т к е р л е р ж а т а д ы ;

5) он екі ай және одан да артығырақ жұмыс істемеген тұлғалар.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
әкімінің орынбасары Айнагүл Кәкімжолқызы Бектасоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен
с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

<i>Солтүстік Қазақстан облысы</i> <i>Есіл ауданының әкімі</i>	<i>М.Әбішев</i>
--	-----------------